

*"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің
"Молдір бұлақ" бөбекжай - балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қатыналық кәсіпорны
Педагог-психолог*

Котжасарова Сутанна Турлыбековна



МАҚАЛДАРДАҒЫ ТӘЛІМДІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Халқымыз әр жастағы адамдардың көңіл-күйі, сезімдері, мінез ерекшеліктері, түсінік талғамдары сенім, қызығушылықтары, әдет-дағдылары бірдей болып келмейтіндігі жөнінде де қызықты пікірлер айтқан. Мақал-мәтелдерде адамның жас өзгешеліктері негізінен балалық, жастық, кемелдік және кәрілдік шак болып төрт кезең тұрығысынан қаралатындығын байқауға болады. Адамның моральдық бейнесі психикасы оның іс-әрекет үстінде дамиды, ал бұлардың алғашқы ірге тасы балалық кезде қалыптасад. Халқымыз өз ұрпағын жақсы қасиетке баулуды үнемі негізгі мәселе деп ойлап келген. Осыдан болу кере сәби, бөбек тәрбиесі мақал-мәтелдерден елеулі орын алған. «Бала тілі балдан да тәтті», «Балалы үй базар», «Бала-көңілдің гүлі, көздің нұры», «Алты жасар бала, атқа мінсе, алпыстағы шал алдынан шығады» деген сынды т.б. мақал-мәтелдерге түсінік берудің қажеті болмас.

Халқымыз тәрбиесі кем балаға жаны ашып: «Әдепсіз бала – сорлы бала», «Жаман бала күйі», «Талабы жоқ жас ұлың, жалыны жоқ шоқпен тең», «Балаң жаман болса, көрінгеннің мазағы» деп әдепсіздіктің де, өзгенің де мазасың кетіретін, талапсыз, ынжық, жалқау, қорқақ, күйгелек, өздігінен еш нәр істей алмайтын ебедейсіз балалардың келешегінен күдіктенеді де, ата-анасының айтқанын екі етпейті тіл алғыш зерек, көп нәрсені танып білуге құмар, елгезек, ықыласты балаларды басқаларға үлгі етеді. Бала біткеннің бәрі де ес білгеннен білсем, естісем, ұстасам, алсам деп әрекетке ұмтылады. ол өз қоршаған ортамен, басқа адамдармен, заттармен қарым-қатынасқа түсуді қалайды. Бұл – баланың өзі қоршаған ортаны танып білуге құштарлығы олар үшін жәй нәрсенің өзі жаңалық. Бұлар- құмарпа әуесқой, тынымсыз зерттеуші. Көптеген мақал-мәтелдердің мән-мазмұны айтылған ойды да бейнелейді. Ата-ана өз баласын өнегелі сөзбен, жеке басының үлгісімен тәрбиелейді. Ойын баласында үлкендердің сөзіне, қылығына, іс-әрекетіне еліктеушілік басым. Бұл жөнінде мынандай мақалдарды еске түсіруі болады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «балаға байқап сөйлесең ақылына көнер, байқама көп сөйлесең көрсетер бір өнер» деп халық бала тәрбиесін құрғақ сылдыр сөзбен жүргізгеннен гөрі іс-әрекет, үлгі-өнеге арқылы жүргізудің пәрмендірек келетіндігін, сондай-ақ, бала тәрбиесіне оның құрбы-құрдастарының, жора-жолдастарының да ықпалы болатынын еске алып отырған. Сонымен бірге, бала деген ерекше мейірімділіктің де, асқан қаталдықтың да, баланы бір-бірінен алалап қараудың да, терекенін, ал баланың жеке басын құрметтеп, елеу оның психологиясының дұрыс қалыптасуына жағдай жасайтынын нақыл сөздер дұрыс көрсеткен. Халық ұғымында адамның негізгі өмір кезеңінің бірі жастық кезең (бозбалалық шак). Мақал-мәтелдерден бұл тақырыпта елеулі орын алады. Мәселен, «Ақыл-жастан», «Жастық - жалын», «Жастықты қайтара алмайсың» деген толғаулар жастық, бозбалалық шак – адамның ақыл-ойы қауырт өсетін, қажырлы іс-әрекетке, қимылға құштар албырт романтикалық кезеңі дегенді бейнелейді. Жастық шактың басты белгісі – адамның жаны мен тәнінің сапалық жағына үлкен өзгерістерге түсетіндігінде. Осы жаста адамның қоғамдық белсенділігі артады. Халқымыз жаңа ұрпақты оқытып тәрбиелеу жайында да талай сындарлы пікірлер айтқан. «Баланы таба білсең, баға біл», «Баланы сүйсең, тәрбиесін сүй», «Баланы мақтау жетілдірмейді, тәрбиелеу жетілдіреді» деген мақалдар баланы құр айналайын дей бермей, оны адамгершілікке баулу жағын ойласытру қажеттігін, сөз басынан, ұшатын ұясынан, әке-шешесінен алатын тәрбие қандай болса, көп жағдайда оның алдағы өмірі де соған орай құрылатындығын аңғартады.

	- ерлікпен шайқасты, ол басқарған әскер мен қала тұрғындары басқыншыларға қарсылық көрсетті және қаланы — ай бойы қорғады. Бірақ әскербасы — опасыздық жасап, қаланың қақпасын ашып жібереді. Сөйтіп — жылы ақпанда Отырар қаласы жауалап алынды, оның билеушісі — жазаланады Кілт сөздер: Ертіс, бай, Бұхараға, Жомы, 1219ж, Қараша, Шағатай, 1220ж, Үгедей, Қайырхан, Отырар	Дескриптор: Берілген мәтін бойынша төмендегі кілт сөздерді пайдаланып, көп нүкте қойылған жерге дұрыс жауабын табады		слайдтан көрсетіледі Үлестірме карточкалар
Бекіту 5 мин.	Сабақты қорытындылау 1. Шыңғысхан қай қаланы алты ай бойы ала алмады? 2. Мөңғолдар Отырар қаласын толығымен қай жылы күйретті? 3. Шыңғысханның жеңістерінің сыры неде? 4. М.Шахановтың дастаны қалай аталады? Үйге тапсырма: «Мен Ұлы дала мұрагерімін» тақырыбында ой толғау жазу	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	«Ең үздік жауап»	Ақпараттық карточка
Кері байланыс 3 мин.		Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	

"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің
 "Мөлдір бұлақ" бөбекжай - балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
 Педагог-психолог
 Копжасарова Сузанна Тұрлыбековна

Мақсаты: Ата-аналардың балаға дұрыс тәрбие беруде жауапгершілігін нығайту, бірігіп жұмыс істеу жүйесін дамыту, ой қозғату, әдістемелік көмектер беру.

Қатысушылар: ата-аналар

Жұмыс түрі: топтық

Барысы:

I. Кіріспе

Сәлеметсіздер ме! Қымбатты ата-аналар! Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану.

Отбасы - Адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.

Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке-шешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата-ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет - өзіңіз, екінші рет - балаңыз, ал үшінші рет - өңмереңіз барады екен. Ендеше

Бүгінгі сабағымызға қатысып отырған ата-аналарға ардайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, әмеуіре сүйіп мектепке келе беріңіздер демекшіз!

II. Негізгі бөлім

1. Жаттығу «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»

Мақсаты: Ата-анамен баланың ортасындағы қарым-қатынасты анықтау.

Әр қатысушыға доп лақтырып, төмендегідей сұрақ қойылады.

1. Балаңыздың жақсы көретін түсі қандай?
2. Қандай тағамды сүйсініп жейді?
3. Балаңыздың атын еркелеткенде қалай атайсыз?
4. Балаңыздың ең жақын досының есімі кім?
5. Сүйіп оқитын пәні?
6. Балаңыз мектепте нешінші кабинетте оқиды?
7. Балаңыз қандай мультфильмді жақсы көреді?
8. Балаңыздың сынып жетекшісін толық аты-жөні?
9. Балаңыз қай жылдан бастап мектепке келді?
10. Балаңыздың сыныбында неше бала оқиды?
11. Директордың толық аты-жөні?
12. Балаңыздың жақсы көретін киім үлгісі?
13. Балаңыз сыныпта кімнің жанында отырады?
14. Күніне балаңыз қанша ақша жұмсайды?
15. Балаңыз кітапханаға неше рет барды?

2. Жаттығу «Бақыт деген не өзі»

Кез келген адамнан өмірдегі ең қалаулы нәрсесі не екенін сұраңызшы. «Мен тек бақытты болғым келеді»

Біз бәріміз де сол үшін өмірге келгенбіз. Бірақ бақыт деген не?

Ата-аналар, қатысушылар өз ойларымен бөліседі.

Ортаға сынып жетекші шақырылып тапсырма беріледі: бүгінгі қатысушылардың ішінен ең бақытты деген кісілерді орын-орнымен тұрғызу.

Әрине «Қанағат қарын тойғызады», ендеше қанағат болған жерде бақыт та болады. Басқаларға қуаныш, бақыт сыйласаң, өзінде бақытқа кенелесің. Өмірдің қызығы да осында!

3. Жаттығу «Аяқталмаған сөйлем»

5-6 қатысушы үлестірмелі қағаз тандап алады. Берілген сөйлемді аяқтау қажет.

Сәби бақыты, ол –

Ата-ана бақыты, ол –

Әйел бақыты, ол –

Ер-азамат бақыты, ол –

Ұстаз бақыты, ол –

— Мен өз отбасымды жақсы көрем, себебі....

— Отбасы бұл....

— Отбасым бақытты болу үшін....

— Отбасымда зорлық-зомбылыққа жол жоқ, себебі....

— Мен қалар едім отбасымның....

Барлықтарыңыздың пікірлеріңізге көп-көп рахмет.

4. Ата-аналарға кеңес (оқылып, таратылады)

5. Рефлексия

Сабақ аяғындағы көңіл-күйімізді көрсетеміз.

III. Қорытынды

Психологтың қорытынды сөзі

Ардақты ата-аналар! Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата - ана мен мектеп. Болашақ десек те, келешек десе де бала - ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы — дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі — бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл-Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі

...сидігін ата-аналар іс жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат.

Ұлтымыздың қанындағы ізеттілік – дөрекілікке, қайырымдылық – қатыгездікке, жомарттық – тоғышарлыққа, адалдық – арамдыққа, парасаттылық – парықсыздыққа ауыспасын деген үлкен үміт тұр. Өмірдің өтпелі қиын кезеңінде ұл-қыздарымыздың саналы тәрбие мен нақты білім алуларына күш салайық. Балаға жауапкершілікпен қарап, оқыту мен адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындап, бірлесе, ынтымақтаса әрекет етуіміз қажет. Бала тәрбиесінде шыдамды болып, өз балаларыңызға жылуыңызды бере біліңіздер! Сіздің өсірген балаларыңыз сіздерді ылғида қуантып, қуанышқа бөлей берсін! – дей отырып, біз сіздермен қоштаспаймыз, келесі кездескенше қош, сау болыңыздар!





Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2022 жылғы 20 қаңтардағы № КЗБ1VPY00045006 Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды қайта есепке алу туралы құрасты.



KEMENGER
USTAZ.KZ

АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІК

«KEMENGER USTAZ.KZ»

Республикалық ғылыми - әдістемелік журналы

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті

Копжасарова Сузанна Турлыбековна

Білім мазмұнының жаңғыруы жағдайында ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағын қастерлей білетін жас ұрпақты оқыту мен дамытудағы іс-шараларға белсене қатысып, жоғары кәсіби деңгейдегі маман ретінде «Kemenger ustaz.kz» республикалық ғылыми - әдістемелік журналымен бірлесе іс-тәжірибе алмасқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

«Kemenger ustaz.kz»
республикалық ғылыми-әдістемелік
журналының бас редакторы



Алшынов А.Ә

2023 ЖЫЛ

Тіркеу №003548